



# QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№10 (2013) 6 НАУРЫЗ 2026 ЖЫЛ

## Гендерлік теңдік – мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі



### Құрметті арулар, ардақты әріптестер, қадірлі білім алушы қыздар!

Сіздерді 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел – қоғамның ұйытқысы, ұлттың ұстыны, ұрпақ тәрбиесінің алтын діңгегі. Қай кезеңде де қазақ әйелдері ел тағдырындағы сындарлы сәттерде қайсарлық танытып, берекеліктің бастауында тұрған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, әділетті қоғам құру жолында гендерлік теңдік пен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту – мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі. Сондай-ақ өзінің стратегиялық бағдарламаларында әйелдер қауымының мемлекеттік басқару мен қоғамдық өмірдегі рөлін арттыруға ерекше мән береді.

Президентіміздің «Әділетті Қазақстанды құру ісінде әйелдердің белсенділігі – шешуші фактор. Біз әйелдердің саяси және экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту арқылы ғана тұ-

рақты дамуға қол жеткізе аламыз» деген мазмұнды пікірі бүгінгі реформаларымыздың темірқазығына айналды.

Қазіргі қазақстандық әйел – тек шаңырақтың берекесі ғана емес, ол – білікті маман, табысты кәсіпкер және шешім қабылдайтын саяси тұлға.

Оқу ордамызда әйел азаматшалардың кәсіби және ғылыми өлеуетін толық жүзеге асыруына барлық жағдай жасалған. Басшылық құрамда, оқытушы-профессорлар қатарында, ғылыми жоба жетекшілері арасында білікті әрі жаңашыл әйелдердің үлесі жылдан-жылға артып келеді.

Бүгінде ҚазҰУ қызметкерлерінің 70 пайызға жуығын әйелдер қауымы құрайды. Ғылыммен айналысатын 966 әйел қызметкер бар, бұл жалпы ғылыми қызметкерлер санының 69 пайызына тең. Бұл көрсеткіш әйел ғалымдардың іргелі ғылымды дамыту және жас зерттеушілерді даярлау бағытындағы белсенді әрі жетекші рөлін айқындайды.

Сонымен қатар университет құрамында 75 жастан асқан 50 ғылым ардагері еңбек ету-

де. Олардың көпжылдық тәжірибесі ғылыми мектептерді нығайтуға және жас ғалымдардың кәсіби қалыптасуына зор үлес қосып келеді.

Университетімізде студенттік құрамның 40 пайызға жуығы – қыздар.

Біз университет қабырғасында әрбір қыз баланың қабілетін ашуға, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, академиялық және басқарушылық мансапта өсуіне тең мүмкіндік беруді басты міндет санаймыз.

### Қадірлі ҚазҰУ арулары!

Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, шығармашылық шабыт пен ғылыми табыс тілеймін. Сіздердің парасат пен мейірімдеріңіз қоғамды ізгілікке бастап, университетіміздің мерейін әрдайым асқақтата берсін!

**Құрметпен,  
Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің Басқарма  
Төрағасы – Ректор  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінде Халықаралық әйелдер күніне арналған «Әйел бақыты – ел бақыты» атты мерекелік кездесу өтті.

Салтанатты шараны факультет деканы Жанна Ермакова ашып, қазіргі қоғамдағы нәзік жандылардың айрықша рөліне тоқталды. Ол әйелдердің мемлекеттік дамуға қосып жатқан өлшеусіз үлесі мен отбасы құндылықтарын нығайту-

дағы қажырлы еңбегін ерекше атап өтті.

Жиын барысында Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Салтанат Әмірғалиева «Әйел ғалымдардың қоғам модернизациясындағы рөлі» тақырыбында баяндама жасады.

Мерекелік басқосуға арнайы қатысқан Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры Ғазиза Нұрғалиева жастарды кітап оқуға тартудың за-

манауи әдістерін ортаға салды. Ол цифрлық дәуірде кітаптың құндылығы жоғалмайтынын, тек оны жаңа форматта ұсыну қажеттігін алға тартты.

Сондай-ақ шараға қаржы және медиа саласының білікті мамандары қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Кеш соңында қонақтар өзара пікір алысып, мерекелік тілектерін білдірді.

**Гүл  
ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**



## Әйел бақыты – ел бақыты

3-бет

**Женщины  
в науке и  
технологиях**



4-бет

Гульшат АМИРХАНОВА:

**ИИ – это не  
замена человеку,  
а его мощнейший  
партнер**



8-бет

**ҚазҰУ-дың  
брендтік  
кіімдері  
табысталды**



Мейрамкүл НАРМҰРАТОВА, профессор:

# Мақсат – денсаулыққа пайдалы

## әрі бәсекеге қабілетті өнім жасау

Мейрамкүл Нармұратова – биология ғылымының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Биотехнология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» атағының иегері. Сүт биохимиясы мен биотехнологиясы саласының маманы.



Ғылыми қызметі барысында Мейрамкүл Құдыретқызы отандық және халықаралық деңгейдегі 10-нан астам ғылыми жобаның әрі орындаушысы, әрі жетекшісі болды. Оның басшылығымен бие мен түйе сүтінен пробиотикалық өнімдер, лактоферрин және биологиялық белсенді пептидтер алу үшін инновациялық технологиялар әзірленді. Атап айтқанда «Бие сүтінің сарысу белоктарынан биологиялық белсенді пептидтерді алу биотехнологиясы» (2023-25 жж.) жобасының жетекшісі ретінде бие сүтінің құнды компоненттерін бөліп алу әдістерін жетілдіруде. Ғалымның басшылығымен және өзінің қатысуы нәтижесінде бие мен түйе сүтінен пробиотикалық өнімдер, лактоферрин және биологиялық белсенді пептидтер алу технологиялары әзірленді. Мейрамкүл Нармұратова 60-тан астам ғылыми еңбектің, оның ішінде Scopus/Web of Science деректер базасына енген мақалалардың авторы, 6 патент пен 2 авторлық куәліктің иегері, Хирш индексі – 7.

Профессор Мейрамкүл Нармұратова Франция, Италия, Малайзия және Қытайдың жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өткен.

– Біз бие сүтінің сарысу белогы – лактоферрин мен оның биологиялық белсенді пептидтерін бөліп алу технологиясына бағытталған жобалармен айналысамыз. Лактоферрин – сүт сарысуының құрамында болатын мультифункционалды табиғи белок. Аталған белокты зерттеуге деген ғалымдардың қызығушылығы күн сайын артып келеді. Бие лактоферрині сиыр лактоферриніне қарағанда терең зерттелмеген сарысу белогы. Соңғы кездері жүргізілген зерттеулер бұл бағытта әлі де көп ақпарат жинау керектігін көрсетеді. Сиыр сүті лактоферрині туралы көптеген зерттеу және шолу мақалалар бар. Алайда бие сүті лактоферрині, тіпті басқа да белоктары жөнінде жалпы ақпарат болғанымен, толыққанды зерт-

теулер жоқ. Сондықтан қазіргі таңда бие сүтінің лактоферрині бірқатар маңызды зерттеулердің нысанына айналды. Ғалымдар оның бірегей қасиеттерін анықтауда, – дейді ол.

Бие сүтінің емдік қасиеті оның құрамындағы лактоферрин, лизоцим және иммуноглобулиндер сияқты биологиялық белсенді заттармен тікелей байланысты. Лактоферрин осы жүйенің маңызды бөлігі болып саналады және оның микробқа, вирусқа қарсы және иммунитетті реттеуші қызметтері бар екені белгілі. Біздің қазақ халқы бие сүтінің шипалық қасиетін ерте заманнан білген, саумал мен қымызды туберкулез, асқазан ауруларына және әлсіздікке қарсы емдік-профилактикалық мақсатта қолданылған. Заманауи ғылым бұл өнімнің құпиясын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Ғылыми қауымдастықтың бие сүтіне деген қызығушылығын бірнеше себептерден көруге болады. Біріншіден, бие сүті құрамы жағынан альбуминді типке жатады. Осы қасиеті оны ана сүтіне жақын етеді. Бұл оның құрамындағы белоктардың адам ағзасына жеңіл сіңетінін және аллергия тудыру қаупі төмен екенін білдіреді. Екіншіден, оның бірегейлігі, яғни бие сүтінің лактоферрині басқа жануарлармен салыстырғанда ерекшеленетін қасиеттерге ие болуы. Мысалы, бие сүтінің ферментативті гидролизаты аллергиялық реакция кезінде қабынуға қарсы цитокиндерді активтендіріп, иммундық жүйеге оң ықпал ететіні анықталған. Бұл оның иммундық жүйені реттеудегі ерекше рөлін көрсетеді. Сонымен қатар жоба аясында бие сүті лактоферриннің бірнеше маңызды пептидтерін бөліп алынды. Алынған пептидтердің антимикробтық, антиоксиданттық, металл иондарын байланыстыру қасиеттерін анықтап, антигипертензиялық белсенділігіне болжам жасалды. Болашақта бие сүтінің сарысу белоктары, олардың биологиялық белсенді пептидтері спорттық тағам қос-

палары, балалар тағамы, иммунитетті қолдаушы компонент ретінде және қартаюға қарсы косметикалық препараттарда қолдануға ұсынылатын болады.

Зерттеу жұмысын орындау барысында бұл жұмыстарға отандық әріптестерімізбен қатар, шетелдік серіктестер – Лотарингия университеті (Франция), Путра Малайзия университеті мен Халал өнімдерін зерттеу институтының (Малайзия) ғалымдары да өз үлестерін қосты. Бұл ынтымақтастық ғылыми тәжірибе алмасуға, әдістемелерді салыстыруға және әлемдік зерттеулерді ескеруге мүмкіндік берді. Соның арқасында жұмыстың ғылыми деңгейі көтеріліп, нәтижелердің тәжірибелік мәні мен болашағы арта түсті.

Бие сүтінен биологиялық белсенді пептидтерді бөліп алу – қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығы мен заманауи жоғары технологияның табысты тоғысуы.

– Біздің мақсатымыз – халқымыздың денсаулығын жақсартуға қызмет ететін әрі әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнім жасау, – дейді ғалым.

Бір айта кетерлігі, жоба аясында «Бие сүті пептидтері» құрғақ тағамдық қоспасына Ұйым стандарты дайындалды. Осы стандарт негізінде авторлық құқық, бірнеше Қазақстан Республикасының пайдалы модельге патенттер және өнімнің Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) қолданылатын бірыңғай техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келетінін және қауіпсіз екенін растайтын «Кеден одағының техникалық регламентіне сәйкестік туралы» декларациясы алынды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының келесі қадамы – жобаның зерттеу нәтижелерін өндірістік деңгейге жеткізу. Көздеп отырған одан кейінгі мақсат – өнімді отандық және шетелдік нарыққа шығару.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

ҚазҰУ-дың әлемдік университеттер рейтингінде алатын орнының жылдан-жылға жоғарылауы оқу процесінің ұйымдастырылуы халықаралық талаптарға сәйкестігін көрсетеді. Алайда бір айта кетерлігі, бұл жерде білім беру ісімен бірге, ғылыми зерттеу жетістігінің рөлі де ерекше. Соңғы жылдары университеттік ғылымды дамытуға мемлекет тарапынан қолдау жақсы, соның нәтижесінде зерттеу жұмыстарының басым бөлігі қаржыландырылған жобалар шеңберінде орындалуда.

Сағдат ТӘЖІБАЕВА,

х.ғ.д., Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының профессоры

# Ғылыми жобалардың

## зерттеулер сапасына әсері

Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының «Коллоидтық химия» бағытында бірталай практика жағынан маңызды зерттеулер осындай жобалар арқылы орындалып келеді. Олар көпфункционалды полимерлер негізінде композиттер, дәрілік заттардың тасымалдаушыларын алуға, құбырмен тасуға жарамды отын ретінде көмір-су суспензияларын тұрақтандыруға, антиэйджингтік тағамдар, биоыдырағыш орамалар, ауыр металл иондарын өндірістің қалдық суларынан бөлетін сорбенттер алуға, ақуыздық жем қоспаларын, көбік түзгіш өрт сөндіргіштерін және мұнайдың деэмульгаторларын жасауға арналған.

Біздің жақында аяқтаған ғылыми жобамыз су бетіне төгілген мұнайды бөліп алу үшін сорбенттер жасауға бағытталған. Ол үшін табиғаты майға жақын, яғни мұнайға ынтықтығы жоғары материалдар табу қажет болды. Бұл мәселе Қазақстанның диатомит, вермикулит сияқты саз топырақтарының бетін өңдеу және жүгері сабағы, жаңғақ, арахис ағаштары мен қабықтары сияқты ауылшаруашылық өнімдерінің қалдықтарын карбонизациялау арқылы шешілді. Ал мұнайды сіңірген сорбенттердің жылжу траекториясын сырттан басқару үшін олардың құрамына магнетит нанобөлшектері енгізілді.

Зерттеу жұмысының басым бөлігі Физика-химиялық зерттеу және талдау орталығының және кафедраның лабораторияларында жүргізілді. Бұл жерде соңғы жылдары осындай зерттеу гранттарының арқасында лабораторияларымыздың заманауи физика-химиялық зерттеу құрал-жабдықтары және құрылғыларымен толықтырылғаны атап айтқанымыз жөн. Сонымен қатар жоба міндеттерін орындауға университетіміздің «Нанотехнология» лабораториясының, биология және биотехнология факультетінің, Жану мәселелері институтының, Полимерлік материалдар мен технологиялар институтының, Сәтбаев университеті ғалымдарының және ғылыми-зерттеу базаларының едәуір көмегі тиді.

Қазіргі заманда ғылыми зерттеулер жүргізудің ерекшелігі – әр салалардағы, тіпті алыс-жақын шетелдердегі әріптестердің ынтымақтастығының қажеттігі. Алынған мұнай сорбенттерінің сипаттамаларын анықтау үшін Ресей ғылым академиясының А.В.Топчиев атындағы Мұнай-химиялық синтез институтының және Қытай Халық Республикасының Шаньдун мұнай және химиялық технология институтының лабораторияларында зерттеулер жүргізілді.

Жоба міндеттерін орындауда ұстазымыз, Қазақстанда коллоид-



тық химия мектебінің негізін қалаушы, ҚР Жоғарғы мектеп академиясының академигі, профессор Қуанышбек Мұсабековтің ғылыми кеңестерінің рөлі ерекше болды.

Тағы бір айта кететін жайт, осындай ғылыми жобалар шеңберінде алынған нәтижелер оқу үдерісінде кеңінен қолданылады. Мысалы, биоыдырағыш орамалар алуға арналған жоба нәтижелері негізінде кафедра меңгерушісі, доцент Ақмарал Арғымбаеваның ұсынысы бойынша «Химия» білім беру бағдарламасына «Биоыдырағыш үлдірлер», ал «Тағамдық химия және технология» мамандығына «Тағам өнімдерінің биоыдырағыш орамалары» атты пәндер енгізілді. Тіпті «Тағамдық химия және технология» мамандығын ашудың өзіне кафедралық тағамдық өнімдерді алу, талдау және сертификаттау бойынша жүргізілген ізденістер негіз болды.

Жоба нәтижелерін жариялауда патенттеуге қатысты бір көкейкесті мәселе бар. Өнертабысқа берілген өтінішті қарастыру мерзімінің ұзақтығынан әріптестеріміз өнертабыс патентінің орнына пайдалы модельге өтініш береді. Бірақ пайдалы модельдің жарияланым ретінде рөлі анықталмаған: егер өнертабыс патенті ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда шыққан мақалаға теңестірілген болса, пайдалы модель тек автордың жаңалыққа ұсыныс берудегі біріншілігін, басымдығын растайды. Бұл мәселе ғылыми нәтижелерді бағалау үшін де, рН-докторанттар мен ғылыми қызметкерлерге ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар тағайындау үшін де маңызды. Осыған орай, пайдалы модельдің ғылыми жарияланым ретінде статусын анықтау қажет деп есептеймін.

Ғылымдағы әйел әріптестеріме, шәкірттеріме 8 Наурыз мерекесі қарсаңында әдемілік пен нәзіктік, ғылымда шабыт пен табандылық тілеймін!

# Женщины в науке и технологиях



Сегодня вопрос участия женщин в науке – это не только вопрос равенства, но и вопрос качества научного развития. Мировая статистика показывает, что женщины составляют 33% всех исследователей в мире. Эти цифры говорят сразу о двух вещах. С одной стороны, женщины уже стали заметной и влиятельной частью мирового научного сообщества. С другой - научная сфера по-прежнему сохраняет значительный потенциал для дальнейшего расширения женского присутствия, особенно в инженерии, высоких технологиях и ряде естественно-научных направлений.

На этом фоне Казахстан выглядит весьма достойно. По данным, публикуемым в Национальном докладе по науке, 54% ученых страны составляют женщины. Это очень значимый показатель, который выделяет Казахстан среди многих государств мира. Более того, по данным ЮНЕСКО, Казахстан входит в число стран-лидеров по количеству женщин-ученых. Это не просто сухая статистика – это признак сложившейся научно-образовательной культуры, в которой женщина воспринимается не как исключение, а как естественный и мощный участник научного процесса. Для нашей страны это особенно важно, поскольку человеческий капитал и интеллектуальный потенциал становятся ключевыми ресурсами развития в условиях технологической трансформации.

Особенно показательна ситуация в системе высшего образования и науки на примере Казахского национального университета имени аль-Фараби.

В нашем университете трудятся более 3500 женщин, что составляет порядка 68% от общего числа сотрудников. Из них профессорско-преподавательский состав: 1750 женщин; учебно-вспомогательный персонал: 497 женщин; на руководящих постах: 1 проректор, 4 директора департамента, 7 деканов и 57 заведующих кафедрами. Среди 30 975 студентов нашего вуза большинство также составляют девушки – их 18 481.

1331 представительниц прекрасного пола сегодня активно занимаются наукой. Среди них:

- 3 академика Национальной академии наук;
- 472 доктора наук и профессора;

- 412 кандидатов наук и доцентов;
- 444 доктора PhD.

Женщины-учёные в КазНУ сегодня работают не просто над «академическими темами» - их проекты напрямую связаны с качеством жизни, экологией, здоровьем, безопасностью и технологическим будущим страны. За сухими названиями научных тем на самом деле стоят очень понятные и важные для общества задачи: как очистить воду, как сохранить почвы, как раньше выявлять заболевания, как использовать искусственный интеллект в медицине, как создавать новые материалы и более эффективные химические технологии.

Значительная часть проектов, которыми руководят женщины, сосредоточена в сфере биологии, экологии и медицины. Не менее впечатляюще выглядят участие женщин в высокотехнологичных исследованиях. Это уже не просто традиционная университетская наука, а исследования на переднем крае технологического развития: от алгоритмов распознавания опасных событий и анализа аудиосигналов до цифровых решений для раннего выявления заболеваний, включая социально значимые диагнозы.

Среди проектов, которыми в КазНУ руководят женщины, особенно заметны крупные исследования - мегагранты и ПЦФ. Это уже не отдельные лабораторные темы, а масштабные научные направления, работающие на стратегические задачи страны. Женщины сегодня руководят не только отдельными исследованиями, но и крупной научной повесткой - от экологии и промышленности до цифровых технологий и социальной сферы.

Женщины в науке сегодня – это не только преподаватели и исследователи. Это руководители проектов, деканы, заведующие лабораториями, наставники, эксперты, разработчики инноваций. Одним из самых показательных примеров является участие преподавателей университета в республиканском конкурсе «Лучший преподаватель вуза» - престижной ежегодной награде, присуждаемой Министерством науки и высшего образования РК 150 лучшим преподавателям страны. За период 2016-2025 годов этого звания удостоены 269 представителей КазНУ, из них 177 - женщины. Иными словами, женщины составляют почти две трети всех обладателей этого высокого профессионального признания. Это еще одно убедительное свидетельство того, что женское лидерство в университете проявляется не только в науке как таковой, но и в умении передавать знания, формировать новое поколение специалистов и задавать высокие стандарты академического мастерства.

От всей души поздравляем всех женщин с 8 Марта! Пусть этот праздник будет наполнен уважением, теплом, благодарностью и искренним признанием ваших достижений. Желаем вам здоровья, счастья, вдохновения, внутренней гармонии, новых профессиональных успехов, смелых идей и ярких побед. Пусть рядом будет надежные люди, а каждый ваш день приносит радость, уверенность и ощущение собственной силы и значимости.

**Алина ГАЛЕЕВА,**  
PhD, ассоциированный профессор, проректор по академическим вопросам КазНУ имени аль-Фараби

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, география ғылымының кандидаты Әлия Ақтымбаева елімізде геоэкология мен тұрақты туризм бағытын ғылыми тұрғыда дамытып жүрген жетекші ғалымдардың бірі.

Ғалымның негізгі зерттеу бағыттары геожүйелерге антропогендік жүктемені бағалау, климаттың өзгеруі жағдайындағы аумақтардың деградациясын анықтау, туристік-рекреациялық ресурстардың әлеуетін кешенді бағалау және Smart-туризм тұжырымдамасын дамытуға арналған.

# Тұрақты туризмді зерттеуші ғалым

Әлия Сағындықызы еңбек жолын 2002 жылы ҚазҰУ қабырғасында бастады. 2008-25 жылдар аралығында экология, су ресурстары, рекреациялық география және экотуризм салаларында 25-тен астам ғылыми жобаны басқарды. Бұл жобалар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, халықаралық ұйымдар мен коммерциялық серіктестер тарапынан қаржыландырылды. Атап айтқанда Алақөл алабының туристік әлеуетін бағалау, агротуризм арқылы ауылдық аумақтарды дамыту, экологиялық төуекелдерді төмендету мәселелері ғылыми-әдістемелік тұрғыда негізделді.

Ғалымның бастамасымен Германия, Гонконг және Қытай университеттерімен бірлескен ғылыми орталықтар ашылды. Олардың қатарында: Қазақстан – Қытай бірлескен қашықтан зондтау зертханасы, Hong Kong Polytechnic University-мен бірлескен Орталық Азиядағы Тұрақты даму орталығы, Орталық Азия – Герман экожүйелер мен биоалуантүрлілікті қорғау институты бар.

### Халықаралық жобалар аясындағы қызмет

2015-17 жылдары ғалым Австрияда жүзеге асқан gSmart – Spatial ICT infrastructures for Smart Place халықаралық жобасы аясында Орталық Азия бойынша координатор қызметін атқарды.

2019-20 жылдары БҰҰДБ-ГЭФ жобасы шеңберінде Қазақстанның бес ұлттық паркінде туристік маршруттарға түсетін рекреациялық жүктемелер есептеліп, «Катон-Қарағай» ұлттық паркі бойынша арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілді.

2020-22 жылдары Әлия Ақтымбаева ұлттық парктар аумағында экотуризмді аумақтық ұйымдастыруға арналған ірі ғылыми жобаларға жетекшілік етті. Сонымен қатар туризмнің цифрлық контентін дамыту, 3D-турлар, интерактивті карталар мен QR-кодтарды енгізу бағытындағы жобалар коммерцияландыру деңгейіне жетті.

2024-26 жылдары Австриядағы Salzburg University (PLUS) университетінің Геоинформатика кафедрасымен (Z\_GIS) бірлесіп Eurasia Pacific Uninet аясындағы «Tien-Shan Tourism Development: statistics, directions and problems (TStour)» халықаралық жобасы бойынша зерттеу нәтижелері ұсынылды.

Соңғы жылдары ғалым жетекшілік еткен зерттеулер Батыс Қазақстан өңірінде «жасыл өсу» стратегиясын қалыптастыруға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және туризм саласын экологиялық тұрғыда дамытуға ықпал етті.

Профессор Әлия Сағындықызы жетекшілік еткен зерттеулер нәтижесінде Имантау – Шалқар курорттық аймағы бойынша тұрақты туризмді дамытуға қажетті ғылыми негіз қа-



лыптастырылды. Жүргізілген кешенді талдау Имантау – Шалқар өңірінің жоғары туристік әлеуетке ие екенін көрсетті. Ғылыми зерттеулер барысында Имантау және Шалқар көлдерінің экологиялық жағдайы бағаланды. Су сапасының негізгі көрсеткіштері рұқсат етілген деңгейде екені анықталды. Алайда органикалық заттар мен биогенді элементтер бойынша жекелеген ауытқулар тіркелді. Бұл аймақта тұрақты экологиялық мониторинг жүргізу қажеттігін дәлелдеді. Әлеуметтік сауалнама нәтижелері қазақстандықтардың 71 пайызы Имантау – Шалқар курорттық аймағы туралы хабарсыз екенін көрсетті. Респонденттердің басым бөлігі өңірді табиғи көріністерімен байланыстырады. Ал сакралды және мәдени нысандардың туристік әлеуеті жеткілікті деңгейде пайдаланылмай отырғаны анықталды. Бұл аймақты ақпараттық және цифрлық ілгерілетудің өзектілігін көрсетті.

Алынған нәтижелер негізінде туристік және рекреациялық аймақтандырудың ГАЖ-карталары әзірленді. Сондай-ақ туристік жүктемені реттеуге арналған негізгі индикаторлар айқындалды. Smart-технологиялар мен тұрақты даму көрсеткіштерінің бейімделген жүйесі ұсынылды. Өңірді таныту үшін 3D-турлар, аудиогидтер және мобильді қосымшаларды енгізу тетіктері негізделді.

Зерттеу нәтижелері Имантау – Шалқар курорттық аймағын Қазақстанда Smart және тұрақты туризмді басқарудың пилоттық үлгісі ретінде дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Ұсынылған тәсіл табиғи ресурстарды сақтай отырып, туризмнің экономикалық тиімділігін арттыруға және жергілікті халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға бағытталған.

Профессор Әлия Ақтымбаева осылай ғалым мен тұрақты туризмді бір арнада тоғыстырып, білім беру саласында үздік нәтижелер көрсетіп келе жатқан ізденімпаз ұстаз.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

В преддверии Международного женского дня страницы университетской газеты «Қазақ университеті» традиционно становятся платформой для женщин, чьи идеи и энтузиазм формируют облик современной науки Казахстана. В эпоху стремительного технологического прорыва за сухими алгоритмами и сложными кодами всегда стоят личности, чья энергия и интеллект определяют вектор будущего. Сегодня наша собеседница — Гульшат Аманжоловна АМИРХАНОВА, PhD, руководитель стратегического проекта по разработке цифровых двойников и ассистент профессора кафедры искусственного интеллекта и Big Data Казахского национального университета имени аль-Фараби. В ходе беседы мы обсудим, как родительская поддержка и основательное образование открывают путь к технологическим высотам, а также как научные традиции связывают поколения.

Гульшат АМИРХАНОВА, PhD



# ИИ — ЭТО НЕ ЗАМЕНА ЧЕЛОВЕКУ, А ЕГО МОЩНЕЙШИЙ ПАРТНЕР

– Гульшат Аманжоловна, в начале нашего разговора хочу поздравить Вас с Международным женским днём – 8 марта! Учёных часто спрашивают о том, как они пришли к своей стезе и какие личности оказали на них наибольшее влияние. Позвольте мне задать вам этот же традиционный вопрос. Кто вдохновил Вас на этот выбор?

– Любый успех в науке, даже самый технологичный, начинается не с программного кода, а с воспитания, ценностей и безусловной любви. Оглядываясь на свой путь, я с глубокой благодарностью осознаю, что всё, чего я достигла сегодня – это результат колоссального вклада моих родителей: Шолпан Толеуқызы и Аманжол Омарханұлы Мусабекова. Их вера в меня с самого детства, их мудрость и поддержка дали мне ту внутреннюю опору, которая необходима исследователю для преодоления любых трудностей. Важнейшей вехой стало мое обучение в легендарной Республиканской специализированной физико-математической школе (РФМШ) имени О.Жаутыкова. РФМШ – это не просто школа, это кузница интеллектуальной элиты. Она научила меня математической строгости, дисциплине ума и умению находить изящные решения самых сложных задач. Именно там был заложен тот фундамент, на котором выросла моя карьера в области высоких технологий. Вера моих родителей в мои силы всегда была и остается для меня главным стимулом двигаться вперед.

– Вы закончили школу для одарённых детей, затем продолжили образование в ВУЗе и защитили докторскую

диссертацию. Кто был вашим научным руководителем?

– Мое становление как ученого неразрывно связано с Институтом информационных и вычислительных технологий (ИИВТ), где под руководством выдающегося академика Максата Нурадиловича Калимолдаева я прошла школу докторантуры и защитила диссертацию. Максат Нурадилович научил меня главному: высокая наука обязана быть прикладной и служить интересам страны. Защита степени PhD под его началом стала моим «входным билетом» в мир серьезных технологических разработок. Новым этапом стало приглашение Мадины Есимхановны Мансуровой на кафедру искусственного интеллекта и Big Data. Под её началом я смогла трансформировать накопленный математический багаж в компетенции будущего: предиктивную аналитику, глубокое обучение и облачные вычисления. Сегодня наш факультет информационных технологий – это место, где теория мгновенно превращается в инновационный продукт.

– Над каким исследовательским проектом вы сейчас работаете?

– Сегодня я руковожу масштабным проектом по разработке цифрового двойника предприятия пищевой промышленности. Это живая экосистема, где данные в реальном времени управляют производством. В рамках проекта мы используем мощнейшие мировые инструменты – лицензионные продукты компании Siemens, такие как Tecnomatix Plant Simulation.

С помощью этой платформы мы:

- Создаем виртуальные модели цехов.
- Проводим симуляции «что-если», предсказывая узкие места и оптимизируя пропускную способность линий.

• Снижаем издержки и повышаем эффективность оборудования еще до того, как будут внесены реальные изменения в цеху.

Одним из уникальных достижений нашей лаборатории DigitalEgiz стала разработка интеллектуального бота для генерации 3D-моделей по фотографиям. Современное производство требует точной визуализации, и наш ИИ-инструмент позволяет создавать объемные модели оборудования по обычному снимку, что радикально ускоряет процесс цифровизации.

В эпоху цифровизации предприятиям важно не только автоматизировать процессы, но и иметь полную прозрачность и контроль над происходящим в реальном времени. Именно для этого была разработана Digital Egiz System – интеллектуальная система мониторинга, адаптированная под нужды современных производств. Платформа объединяет в себе возможности сбора, визуализации и анализа данных с различных объектов и датчиков, позволяя: отслеживать состояние оборудования; контролировать параметры окружающей среды; фиксировать отклонения и моментально реагировать на них; строить отчетность и аналитику на основе фактических показателей. Система поддерживает интеграцию с внешними источниками и ERP-средами, что делает её гибкой и масштабируемой. Пользовательский интерфейс упрощает доступ к информации: графики, метрики, уведомления – всё в одном окне. Digital Egiz System – это шаг к умному производству, где данные работают на надёжность, безопасность и эффективность бизнеса.

– Есть ли на данный момент какие-либо результаты, например, завершённые проекты?

– Разумеется. Мы не просто

исследуем – мы создаем инструменты для жизни и бизнеса. В наш пакет разработок входят:

1. OpenTeams – уникальная система для совместной работы, где мы интегрировали лучшие open-source инструменты (Wekan - канбан-доска для управления задачами, Rocket.Chat - мессенджер для общения в командах и каналах, Jitsi Meet - видеоконференции прямо из браузера, Nextcloud - хранилище и синхронизация файлов, OpenLDAP - централизованная система авторизации и управления доступом). Это безопасная платформа, которая позволяет командам работать полностью автономно на своих серверах, не завися от внешних сервисов. OpenTeams – это готовая к использованию платформа для любой команды или организации, которая хочет контролировать свои данные, работать над проектами и общаться – всё в одном пространстве и на своём сервере.

2. LMS «Камиля» – наша собственная платформа для обучения на базе Chamilo. Она адаптирована специально для казахстанских компаний, помогая им выстраивать траектории развития персонала и контролировать знания в едином цифровом пространстве. Камиля – это не просто платформа, а часть цифровой экосистемы предприятия, направленная на развитие персонала и повышение эффективности бизнеса.

– 8 Марта – это праздник, который ассоциируется с женщинами. Однако женщина – это не только символ весны и красоты, но и хранительница семейного уюта. Расскажите, как ваша семья поддерживает вас?

– Особое место в моей жизни занимает моя семья. Это не просто тыл, это – единомыш-

ленники. Семья для меня как источник вдохновения. Мы настоящая университетская династия, чьи корни неразрывно связаны с КазНУ. Мой муж, Бауыржан Сайдашевич Амирханов, – человек, с которым мы вместе прошли школу механико-математического факультета. Тот самый легендарный мехмат стал основой, из которой вырос наш современный факультет информационных технологий и искусственного интеллекта. Бауыржан не просто поддерживает меня, он активно участвует в проектах, и наши научные дискуссии не затихают даже дома. Преемственность поколений для нас – это реальность. Мой сын, Алихан Бауыржанұлы Амирханов, сейчас учится на 4-м курсе нашего факультета по специальности Data Science. Он уже состоявшийся молодой исследователь, который работает вместе со мной над созданием цифровых двойников. Когда твой ребенок выбирает твой профессиональный путь и демонстрирует в нем успехи – это высшая награда. Мы вместе анализируем новинки рынка ИИ, обсуждаем архитектуры нейросетей и внедряем их в жизнь. Эта связь поколений – «РФМШ – КазНУ – Наука» – дает мне колоссальную энергию.

– Искусственный интеллект – это новая реальность, которая меняет наш мир. Что вы думаете об этом?

– Искусственный интеллект – это не замена человеку, а его мощный партнер. Сегодня ИИ присутствует во всём: от предиктивной аналитики на заводе до LLM-моделей, помогающих нам в обучении студентов. Я вижу, как наши студенты меняются, как они становятся быстрее и эффективнее, используя эти инструменты. И я рада, что могу быть их проводником в этот новый мир.

– Гульшат Аманжоловна, какие пожелания вы бы хотели передать через нашу газету своим коллегам в преддверии 8 Марта?

– В преддверии этого замечательного праздника я хочу выразить искреннее уважение каждой женщине нашего университета. В КазНУ работают невероятные женщины: красивые, умные, сильные духом – преподаватели, ученые, исследователи, администраторы. Я счастлива быть в ваших рядах. Пусть в вашей жизни всегда будет баланс между научными открытиями и домашним уютом. Пусть ваши проекты находят поддержку, статьи – мировое признание, а сердце – бесконечное вдохновение. Желаю вам покорения новых профессиональных вершин, поддержки близких и весеннего настроения, которое не зависит от погоды за окном. Пусть каждый ваш день будет наполнен светом и радостью созидания!

С праздником весны дорогие коллеги!

– Спасибо за интервью! Хорошего празднования женского дня!

Беседовал  
Каиржан ТУРЕЖАНОВ

# Ардагер ұстаздар — ҰЖЫМ МАҚТАНЫШЫ

Көктемнің алғашқы шуақты мерекесі – 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні – мейірім мен ізгіліктің, парасат пен даналықтың мерекесі. Бұл күн – қоғамымыздың әр саласында табанды еңбек етіп жүрген аяулы жандарға құрмет көрсететін ерекше сәт. Осындай қадірлі жандардың қатарында ұзақ жылдар бойы ұжымымызда абыройлы қызмет атқарған ардагер ұстаздарымыз да бар.

Ұстаз болу – жүрек қалауымен таңдалатын қасиетті мамандық. Ал сол мамандыққа ғұмырын арнап, сан ұрпақтың

болашағына жол ашу үлкен ерлікпен пара-пар. Біздің ардагер ұстаздарымыз білім нәрін сеуіп қана қоймай, шәкірттерінің жү-

регіне ізгілік пен адамгершілік дәнін екті.

Жылдар бойғы табанды еңбек, төзім мен мейірім – олардың басты қасиеттері. Ұстаздық жолда кездескен талай қиындықтарға қарамастан, олар өз мамандығына адал болып, ұжымның дамуына сүбелі үлес қосты. Бүгінде сол еңбектің жемісін ел игілігіне қызмет етіп жүрген шәкірттерінен көруге болады. Бұл – ұстаз үшін ең үлкен бақыт.

Осы айтулы мереке қарсаңында ҚазҰУ-да ұзақ жылдар бойы (мысалы, 57/60 ҚазҰУ-да еңбек еткен және жалпы еңбек етілі) еңбек еткен ардагер ұстаздарымызды құрметпен атап өткенді жөн санадық. Ұстаздарымызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларына амандық тілейміз!

Союз женщин нашего университета — организация, которая стала важной частью общественной и интеллектуальной жизни Казахского национального университета имени аль-Фараби.

## Миссия Союза — защита прав и законных интересов женщин

Союз женщин КазНУ, созданный по инициативе академика, доктора филологических наук, профессора Багизбаевой Майи Михайловны в 2012 году, за годы своей работы превратился в авторитетную общественную площадку, объединяющую инициативных, профессиональных и неравнодушных женщин нашего университета.

В настоящее время под руководством декана филологического факультета, доктора филологических наук, профессора, академика НАН РК при Президенте РК Джолдасбековой Баян Умирбековны, Союз женщин КазНУ объединяет женские советы факультетов и структурных подразделений, активно сотрудничает с республиканскими организациями и вносит значительный вклад в развитие гендерной политики в академической среде.

Основная миссия Союза — содействие защите прав и законных интересов женщин, семьи и детей, укрепление роли женщины в общественно-политической, социально-экономической и культурной жизни университета и страны. В университете системно проводятся научные семинары, круглые столы, дискуссии и



нию женщин на уровень принятия решений формируют новое поколение профессионалов, способных эффективно управлять, принимать стратегические решения и нести ответственность за развитие общества.

Деятельность Союза полностью соответствует приоритетам государственной политики и задачам по обеспечению равных прав и возможностей мужчин и женщин, а также целям устойчивого развития. Союз женщин КазНУ – это не просто общественное объединение, это пространство диалога, поддержки, взаимного уважения и профессионального роста, это пример



дебаты по вопросам гендерного равенства, правовой культуры и социальной ответственности. Особое внимание уделяется формированию гендерной культуры молодежи, профилактике бытового насилия, развитию ценностей крепкой семьи и осознанного родительства.

Значимой частью работы Союза стала поддержка девушек в науке и технологиях. Форумы «Девушки в STEM», тематические дискуссии и создание студенческих научных сообществ способствуют расширению участия девушек в технических и естественно-научных направлениях. Отдельного внимания заслуживает работа по развитию женского лидерства. Семинары-тренинги, лидерские лекции и проекты по продвиже-

того, как университет может быть центром не только академических знаний, но и прогрессивных социальных преобразований.

Уверен, что и в дальнейшем Союз женщин КазНУ будет играть ключевую роль в укреплении принципов справедливости, равенства и гуманизма – тех ценностей, которые лежат в основе нашего университета.

Желаю вам новых проектов, научных достижений и дальнейших успехов на благо университета и нашей страны.

**Баян ДЖОЛДАСБЕКОВА,**  
декан филологического факультета, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК при Президенте РК



1. Молдабекова Майра Саметқызы, пед.ф.д., профессор, 58/58
2. Хакимова Тиыштық, пед.ф.к., доцент, 58/58
3. Сүлейменова Гүлсім Сейілханқызы, аға оқытушы, 58/58
4. Сүлейменова Элеонора Дүйсенқызы, филол.ф.д., профессор, 57/60
5. Телегенова Мақпал Бақытқызы, ф.-м.ф.к., 56/56
6. Асқарова Зифа Асанбайқызы, б.ф.к., доцент, 55/55
7. Павличенко Людмила Михайловна, г.ф.д., доцент-зерттеуші, 55/55
8. Жүсіпова Ғалия Евентайқызы, х.ф.д., профессор, 55/55
9. Әшімханова Светлана, филол.ф.д., профессор, 54/60
10. Асқарова Әлия Сандыбайқызы, ф.-м.ф.д., профессор, 54/54
11. Мамутова Алуа Асабайқызы, х.ф.к., доцент, 53/53
12. Махренова Найля Рахымбекқызы, х.ф.д., профессор, 53/53
13. Абдуллина Алмагүл Бектасқызы, филол.ф.д., профессор, 52/52
14. Мұқашева Тоғжан Жангелдіқызы, б.ф.д., профессор, 52/52
15. Жұбанова Ажар Ахметқызы, б.ф.д., профессор, 51/62
16. Қайырбаева Роза Сахариқызы, филол.ф.д., профессор, 51/51
17. Мұхатаева Қоңыр, филол. ф.к., ассистент-профессор, 51/51
18. Шалабаева Клара Зұлхарнайқызы, м.ф.д., профессор, 51/58
19. Мұсабекова Алтынай Әбілкенқызы, х.ф.к., доцент, 51/51

20. Савицкая Ирина Станиславовна, б.ф.д., профессор, 51/51
21. Баешова Ажар Қоспанқызы, тех.ф.д., профессор, 50/50
22. Кунапина Қайыркен Құдабергенқызы, т.ф.к., доцент, 50/50
23. Бірімбекова Нұрсәуле Жанахметқызы, э.ф.к., 50/50
24. Нұрланова Наилья Қапенқызы, э.ф.д., профессор, 50/50
25. Ғайсина Сәлима Нұрғалиқызы, э.ф.к., 50/50
26. Көбегенова Саидина Серікбайқызы, б.ф.к., доцент, 50/50
27. Оспанова Әлия, х.ф.д., профессор, 50/50
28. Бурашева Гаухар Шахманқызы, х.ф.д., профессор, 50/50
29. Ахметова Ләйла Сейсембекқызы, т.ф.д., профессор, 49/49
30. Балақаева Гүлнар Төлтайқызы, ф.-м.ф.д., профессор, 48/48
31. Ысқақова Катима Әбішқызы, г.ф.к., доцент, 48/48
32. Байтенова Нағима Жаулыбайқызы, филол.ф.д., профессор, 46/57
33. Алтынбекова Ольга Баймұханқызы, филол.ф.д., профессор, 46/46
34. Мырзахметова Майра Қабдраушқызы, б.ф.д., профессор, 46/46
35. Телегенова Мәдина, э.ф.д., профессор, 45/58
36. Қабылғазина Клара, филол.ф.к., доцент, 44/53
37. Молдағалиева Айжан Айдынғалиқызы, филол.ф.к., доцент, 41/41
38. Нұршайықова Жанар Әзілханқызы, филол.ф.д., профессор, 40/53
39. Смағұлова Күлдархан Нұрғазықызы, филол.ф.д., профессор, 40/47

# Еңбегі ерен, ортада сыйлы арулар

Майраш Нұрсейітова 2004 жылдан бері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Адам ресурстарын дамыту департаментінде қызмет етіп келеді. Жиырма жылдан астам еңбегін қара шаңыраққа арнаған Майраш Солдатбекқызы білікті маман, ұтқыр ұйымдастырушы, білікті басшы. Ол ұзақ жылдар бойы жинаған тәжірибесінің арқасында жұмысты тиімді ұйымдастыра біледі. Өз ісіне жауапты, тапсырмаға тиянақты.



төсбелгілерді кеудесіне таққан тағылымды қызметкер. Бірнеше рет ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігінің алғыс хаттары, мақтау қағаздарымен марапатталған. Қазақ ұлттық университетінің «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Майраш Нұрсейітоваға мықты денсаулық пен мол табыс тілейміз!

Ольга Петровна Ложникова работает в КазНУ более 30 лет. Она старший преподаватель факультета журналистики и многих казахстанских журналистов учила журналистскому мастерству, редактированию, профессиональной этике. Её бывшие студенты работают почти во всех казахстанских редакциях, многие – за рубежом. И все они благодарны Ольге Петровне не только за науку, но и за то, что она научила их быть честными, понимать, что такое профессиональный долг, и самое главное – с гордостью нести звание выпускника Казахского Национального университета.

## Универсальный профессионал



профсоюзной деятельности, ведь они должны учитывать все изменения, происходящие в стране. За время работы Ольги Петровны в профкоме несколько раз корректировался Коллективный договор. В связи с переходом КазНУ в НАО вносились поправки в Устав профсоюза. После принятия в 2014 году нового «Закона о профсоюзах» потребовалось внести изменения в Устав «Парасата». И Ольга Петровна активно помогала провести в жизнь все эти изменения.

Ольга Петровна Ложникова работает в профкоме с 2009 года. Спартакиада «Здоровье», конкурс среди УВП «Лучший по профессии», «День Шанырака», День защиты детей – эти ставшие уже традиционными мероприятия никогда не проводятся «для галочки», в них вкладываются все силы. Всегда насыщенно и нестандартно проходит Летняя Школа Профсоюза в СОЛ на озере Иссык-Куль, где проффорги не только получают профсоюзные знания, но и обмениваются опытом работы, осваивают культурную программу. О.П.Ложникова – член Дисциплинарной комиссии университета, которая обеспечивает соблюдение трудовой дисциплины и этических норм.

Ольга Петровна – прекрасный пример сочетания научной, педагогической и общественной работы.

**Эльвира УМБЕТЖАНОВА,**  
сотрудница профкома КазНУ

Как преподаватель журфака О.П. Ложникова постоянно занимается научной работой. Она автор востребованных учебных пособий и множества научных статей по проблемам медиа в Казахстане. Опубликовала три статьи в базе «Скопус», имеет пять авторских свидетельств РК. Соавтор монографии «Intellectual Capital as the Basis of Societal Development in Kazakhstan», которая была издана в Великобритании. Награждена Нагрудным знаком «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», юбилейными медалями КазНУ им. аль-Фараби. К 90-летию Университета была удостоена государственной награды – медали «Ерен еңбегі үшін».

Работники университета знают О.П. Ложникову как заместителя председателя профсоюза «Парасат». Сегодня профсоюзам отведена особая роль. Постоянно совершенствуются формы и методы

## Білікті маман, ұтқыр ұйымдастырушы

2009 жылдан бері кадр бөлімі бастығының орынбасары, Персоналды басқару және дамыту басқармасының басшысы, департамент директорының орынбасары сынды қызметтерді абыроймен атқарып келеді. Майраш Солдатбекқызы өмір жолында жинаған тың тәжірибесін жас мамандарға үйретуден жалыққан

емес. Ол кейінгі толқын жас ұрпақтың кәсіби маман ретінде қалыптасуына көп еңбек сіңірген жауапты басшы.

Майраш Нұрсейітованың оқу ордасының дамуына қосып жатқан ерен еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға – 70 жыл», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға – 80 жыл» мерейтойлық

## Өз ісінің кәсіби маманы

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай өңірінде дүниеге келген аяулы әріптесіміз Мира Нұртайқызы таяуда 60 жасқа келді. Тарбағатайдың дарқан даласында дүниеге келіп, еңбекқорлық пен қарапайымдылықты бойына сіңіріп ескен Мира Қизатова 2007 жылдан бері ҚазҰУ-дың Экономика және қаржы департаментінде табысты еңбек етіп, өз ісінің кәсіби маманы екенін дәлелдеп келеді. Ұжымның сыйлы да қадірлі мүшесі.



жылдамдықты жаны сүйетін әріптес жұмыс барысында ұқыптылығы, шапшаңдығы және талапшылдығымен ерекшеленеді. Ұжымдастары арасында сыйлы, әрдайым айналасына көмек қолын созуға дайын, ақжарқын мінезімен көпшіліктің құрметіне бөленіп келеді.

«Алпыс – тал түс» деп жатамыз. Бұл – өмірдің бір белесі ғана. Бір сәт өткен өмірге көз

тастап, атқарған істі саралап, алға тың мақсат-мұрат қою кезеңі. Мира Нұртайқызының бойында қайрат-жігері мол, әлі де талай тау-тасты қопаратындай қажырлы күші бар. Сондықтан осы мерейлі жасында әріптеске зор денсаулық, отбасына амандық, еңбегіне табыс, қуаныш пен шаттық тілейміз. Еңбегіңіз әрдайым еленіп, абыройыңыз асқақтай берсін деген тілек айтқымыз келеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қара шаңырағында білімі мен білігін ұштастырып, оқу орнының дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан жандар аз емес. Солардың бірі – Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің Білім беру үдерісінің ұйымдастыру кеңсесінің бас маманы Гаухар Дәулетова.

Гаухар Жақсылыққызы 1968 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. Оның ҚазҰУ-мен байланысы 1986 жылы, биология факультетінің Өсімдіктер

## Тәжірибелі тәлімгер

физиологиясы және биохимиясы кафедрасында зертханашы болып жұмыс істеуден басталды. Сол кезде география факультетінің студенті еді, отбасылық жағдайына байланысты оқу мен жұмысты қатар алып жүруі оның жастайынан жауапкершілігі жоғары, мақсатшыл және еңбекқор болғанын аңғартады. 1993 жылы «География» мамандығы бойынша оқуын тамамдап, география пәнінің оқытушысы деген мамандық алды.

Университетті бітіргеннен кейін Гаухар Жақсылыққызы

инженер-метеоролог, кейіннен инженер-гидролог ретінде қызмет істеп, қоршаған ортаның жай-күйін бақылау саласында тәжірибе жинақтады. Алайда оның негізгі қызметі білім беру ісін ұйымдастыруға арналды: 1995-2001 жж. биология факультеті деканатының жоғары санатты әдіскері, 2001-02 жж. Халықаралық мамандықтар институты оқу бөлімінің бастығы. Ал 2006 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінде бас маман.

Гаухар Жақсылыққызы – жоғары білім беру жүйесінің нормативтік құжаттарын жетік меңгерген, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, талапшыл маман. Оның әр іске тиянақтылығы, оқытушылар құрамы және студенттермен тиімді қарым-қатынас орнату білуі әріптестері арасында үлкен құрметке ие. Мінсіз қызметі үшін Гаухар Жақсылыққызы 2009 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдығына арналған мерекелік медалімен, ал 2024 жылы көпжылдық адал еңбегі мен кәсіби шеберлігі



үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

«Гаухар Жақсылыққызы – өз ісіне адал, кәсібилік пен адамгершіліктің жарқын үлгісі», – дейді әріптестері.

**Гүлзат ТАБЫН**

# Наука и карьера

**Шакиева Татьяна Владимировна – кандидат химических наук, ассоциированный профессор, является ведущим специалистом высокой квалификации в области гомогенного и гетерогенного катализа, очистки отходящих газов и воды. В последнее время занимается разработкой технологии получения наноразмерных магнитных композитов железа и кобальта, стабилизированных синтетическими и природными полимерами для различных процессов в качестве катализаторов и сорбентов. Имеет индекс Хирша базы данных Web of Science и Scopus – 5. Scopus Author ID: 55911739700.**



Татьяна Шакиева с отличием закончила магистратуру химического факультета в 1998 году, в 1999 году продолжила учебу в аспирантуре на кафедре катализа, коллоидной химии и нефтехимии, после окончания аспирантуры в 2001 году защитила кандидатскую диссертацию. С 1998 года после окончания магистратуры Шакиева Т.В. начала свою трудовую деятельность в НИИ Новых Химических технологий и материалов младшим научным сотрудником, с 2007 года по 2020 год занимала должность ученого секретаря института, с 2020 года – главный специалист НАО «КазНУ имени аль-Фараби» в подразделении ЦФХМА, с 2023 года по настоящее время и.о. директора НИИ НХТМ НАО КазНУ имени аль-Фараби.

Шакиева Т.В. имеет более 18 лет опыта в организации, руководстве и координации научно-исследовательских работ, связанных с разработкой приоритетных направлений деятельности НИИ новых химических технологий и материалов. Обладает значительным опытом управления научными коллективами, планирования и реализации комплексных проектов фундаментального и прикладного характера. Под её руководством проводились исследования, направленные на разработку и внедрение новых материалов и технологий, а также на их практическое применение.

Шакиева Т.В. являлась ответственным исполнителем проекта «Фенолы промышленных сточных вод: извлечение, конверсия и деградация» Программы НАТО «Наука во имя мира» (2006-2008 гг.), программы «Раз-

работка научных основ и технологий создания новых перспективных материалов различного функционального назначения» (2006-2008 гг.), проекта «Проведение экспертизы инноваций по выявлению новых химических технологий и материалов с применением методов радиационного модифицирования с целью освоения в Парке ядерных технологий» с АО «Парк ядерных технологий» (2007 г.).

Была руководителем ПЦФ (2018-2020 гг.) «Разработка технологии получения новых полифункциональных пористых магнитоуправляемых наноразмерных материалов на основе цеолитов золь-геля для иммобилизации, отверждения и нейтрализации радиационных отходов», руководителем проекта «Разработка технологии каталитического нефтехимического синтеза кислородсодержащих соединений из ароматических углеводородов в присутствии наноразмерных магнитных композитов» (2021-2023 гг.), соруководителем проекта «Технология извлечения и утилизации токсичных соединений промышленных сточных вод» (2022-2024 гг.).

В настоящее время является руководителем ПЦФ (2024-2026 гг.) BR24992935 «Разработка новых инновационных материалов для эффективных технологий утилизации диоксида углерода с одновременным получением ценных продуктов» и ответственным исполнителем проекта AP26199999 (2025-2027 гг.) «Разработка магнитных композитных наносорбентов для удаления загрязняющих веществ из водных сред».

В рамках ранее выполненных исследований были разработаны магнитоуправляемые сорбционные материалы на основе гуминовых кислот, полученных из углей Казахстана, с химически закрепленными оксидами железа. Полученные материалы обеспечивают эффективное связывание и удаление ионов тяжелых металлов и радионуклидов из природных и техногенных сред с использованием магнитной сепарации. Разработки реализованы в рамках проекта АО «Национальный научно-технологический холдинг «Парасат»: по созданию опытно-промышленного производства гуматов из казахстанских углей.

Также в соавторстве были разработаны технологии синтеза микросферических магнитоуправляемых алюмосиликатных материалов на основе цеолитов золь-геля для иммобилизации и нейтрализации радиоактивных отходов. Созданные наноразмерные магнитные композиты обладают развитой удельной поверхностью (>50 м<sup>2</sup>/г), что обеспечивает их высокую сорбционную эффективность, а также проявляют высокую каталитическую активность в реакциях крекинга, дегидрирования и окисления органических соединений. В результате реализации проекта AP09260687 была создана уникальная высокоэффективная, экологически безопасная, экономически выгодная нано- и биотехнология очистки сточных вод, загрязненных фенолами, путем трансформации загрязнителя в неопасные или полезные вещества с использованием магнитных композитов.

В проекте AP14870308 впервые показана возможность применения синтезированных магнитных композитов, стабилизированных поливинилпирролидоном и хитозаном на основе Fe<sub>3</sub>O<sub>4</sub> и CoFe<sub>2</sub>O<sub>4</sub> для окисления п-ксилола кислородом с получением кислородосодержащих соединений – п-толуилового альдегида, дибутилфталата, бензойной кислоты, которые являются исходными реагентами для получения медицинских препаратов, отвердителей смол специального назначения, композиций душистых веществ. В виде смеси данные соединения могут быть использованы в качестве пластификаторов полимерных материалов. Для всех процессов разработана аппаратно-технологическая схема, технологический регламент получения функциональных гибридных материалов.

Под её руководством защищена 1 кандидатская диссертация. Получено 6 патентов РК, 2 монографии. В соавторстве опубликовано более 150 трудов в журналах Казахстана и за рубежом, в том числе в журналах, индексированных базами данных Web of Science или Scopus.

**Каиржан ТУРЕЖАНОВ**



## Ғылымға арналған ҒҰМЫР

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабырғасында жарты ғасырға жуық уақыт табанды еңбек етіп келе жатқан химия ғылымының докторы, профессор Әлия Оспанованың 75 жас мерейтойы – ғылымға арналған саналы ғұмырдың жарқын белесі.**

Шығыс Қазақстанның топырағында дүниеге келген Әлия Қапанқызы 1975 жылы ҚазМУ-дың химия факультетін үздік тамамдап, үлкен ғылым жолына нық қадам басты. Сол сәттен бері оның тағдыры университетпен біте қайнасып келеді. Тағылымгерден профессорға дейінгі кәсіби жол – тек қызмет сатыларының ауысуы емес, үздіксіз ізденіс пен өзін-өзі шыңдаудың айғағы. 2003 жылы докторлық диссертациясын қорғап, кейін профессор атағын иеленуі – сол қажырлы еңбектің заңды нәтижесі.

Профессор Әлия Оспанованың ғылыми ізденістері физикалық және координациялық химияның терең теориялық негіздерін нақты қолданбалы нәтижелермен ұштастырумен ерекшеленеді. Ол күрделі координациялық қосылыстар синтезінің физика-химиялық заңдылықтарын жүйелі зерттеп, олардың құрылымы мен қасиеттері арасындағы өзара байланысты айқындады. Ғылым еңбегі зертханалық деңгейде ғана шектелмей, практикалық маңызға ие шешімдерге ұласты: радиоактивті және ауыр металл иондарымен ластанған ағын суларды тазартуға арналған полиадсорбенттер әзірлеу, медициналық-биологиялық бұйымдарға арналған антибактериялық жабындар жасау – іргелі ғылым мен қоғам сұранысын тоғыстырған нақты бағыттар.

Соңғы жылдары профессор Әлия Қапанқызы Фараби химия ғылымдары кластері аясында ғылыми командасымен бірге «ChemMed» зертханасын құрып, университетте жаңа деңгейдегі ғылыми ортаның қалыптасуына негіз қалады. Бұл – құрылымдық бірлік қана емес, ғылыми идея мен тәжірибе тоғысқан интеллектуалдық алаң. Мұнда көпқабатты молекулалық жинақтау әдісі арқылы бактерияға қарсы жабындар әзірлеу, қазақстандық кинолар негізінде функционалды композиттік материалдар алу, медициналық-биологиялық мақсаттағы гемостатикалық жүйелердің физикалық-

химиялық негіздерін айқындау бағытында жүйелі зерттеулер жүргізілуде.

Зертхана жас зерттеушілер үшін нақты ғылыми мектепке айналды: олар тәжірибе мәдениетін меңгеріп, дербес ойлау мен нәтижеге жауапкершілік қағидаларын бойына сіңіреді. «ChemMed» зертханасы іргелі ғылым мен қолданбалы шешімдерді ұштастырып, университет ғылымының қоғам сұранысына қызмет етуінің жарқын үлгісін көрсетіп отыр.

Профессор Әлия Қапанқызының ғылыми мұрасы – құрғақ сандармен өлшенетін көрсеткіш қана емес, тұтас бір ғылыми мектептің қалыптасу тарихы. Оның қоржынында ондаған патент, халықаралық және республикалық басылымдардағы еңбектер бар.

Әлия Қапанқызы – ғылым адамы ғана емес, ұстаздық болмысты жүрекпен сезінетін тұлға. Ол білім беру стандарттарын әзірлеуге, оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіруге белсене араласып, жас әріптестеріне бағыт-бағдар беріп келеді. Ұстаздықтың шынайы өлшемі – шәкірт жүрегіне қалдырған ізі десек, осы тұрғыда Әлия Қапанқызының еңбегі айрықша. Еңбегі мемлекет тарапынан да лайықты бағаланды: «Үздік университет оқытушысы» атағы, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісі, ғылым мен техниканың дамуына қосқан үлесі үшін берілген мемлекеттік стипендия – соның айғағы.

Профессор Әлия Оспанованың өмір жолы – табандылықтың, ғылымға адалдықтың, ұстаздық жауапкершіліктің үлгісі. 75 жылдық мерейтойы – бір адамның ғана емес, тұтас ғылыми буынның мерекесі. Оның еңбегі мен өнегесі университет қабырғасындағы талай жасқа шабыт беріп, отандық ғылымның дамуына әлі де қызмет ете беретіні сөзсіз.

**Балжан САВДЕНБЕКОВА,**  
Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының аға оқытушысы, PhD

# ҚазҰУ-дың брендтік киімдері табысталды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде имидждік топ мүшелеріне және музей мен кітапхана қызметкерлеріне арнайы әзірленген брендтік киімдер табысталды. Жоба қызмет көрсету мәдениетін арттырып, университеттің бірегей бейнесін айқындауды көздейді.

Жаңа киім үлгілері университеттің ресми корпоративтік тұжырымдамасына сай тігіліп, классикалық стиль мен қазіргі заманғы сән үрдістерін үйлестіреді. Дизайнда оқу орнының мекемелік түстері мен логотипі негізге алынып, жоғары сапалы маталар қолданылған. Ерекше стиль мен сапалы тігіс қызметкерлердің іскерлік бейнесін нығайтып, оқу ордасының мәртебесін паш етеді.

Имидждік топ мүшелері бұл киімдерді халықаралық форумдарда, ресми кездесулер мен маңызды іс-шараларда киетін болады. Ал кітапхана мен музей қызметкерлері үшін бірыңғай форма күнделікті жұмыс процесінде қолданылады.

Бірыңғай стиль студенттер мен қонақтарға қызметкерлерді оңай тануға мүмкіндік беріп, өзара байланысты жеңілдететі түспек.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Фотоларды түсірген **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
**Әл-Фараби атындағы**  
**Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30,  
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**  
• Газет редакцияның компьютер  
орталығында теріліп, беттелді.  
«Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында  
басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.  
**Газетке жазылу индексі: 64787**  
Таралымы – 2000  
Тапсырыс №467

• Жарияланған мақаладағы автор пікірі  
редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
• Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды,  
үш компьютерлік беттен асатын материалдар  
қабылданбайды.  
• «Qazaq universitetine» жарияланған мақала  
көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.  
• Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.